

**Текелі қаласы әкімдігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы ведомствоаралық комиссиясы отырысының
№ 1 хаттамасы**

Текелі қаласы

2018 жылғы 29 наурыз

Төрағалық етуші – Текелі қаласының әкімі Б.Өнербаев

Хатшы – Текелі қаласының әкімінің аппараты жалпы бөлімінің бас маманы А. Ащанов

Қатысқандар: Текелі қаласы әкімдігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл мәселелері жөніндегі Ведомствоаралық комиссиясының құрамы

КҮН ТӘРТІБІ

1. Мемлекеттік қызмет жүйесін толық жетілдіру және жер қатынастары, сәулет және құрылыс саласындағы рәсімдері көрсету. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының нәтижелері туралы

2. Бөлінген қаражатты тиімді және мақсатты пайдалану жөнінде қабылданған шаралар туралы

1. Мемлекеттік қызмет жүйесін толық жетілдіру және жер қатынастары, сәулет және құрылыс саласындағы рәсімдері көрсету. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының нәтижелері туралы

1.1. «Текелі қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Б.Б Есболатовтың, «Текелі қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Р.Б. Бельдебековтың, «Текелі қаласының әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Ұйымдастыру – инспекторлық бөлімінің бас маманы А.Қ. Шаяхметованың Мемлекеттік қызмет жүйесін толық жетілдіру және жер қатынастары, сәулет және құрылыс саласындағы рәсімдері көрсету. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының нәтижелері туралы ақпараты назарға алынсын.

1.2. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» комерциялық емес акционерлік қоғам арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарына сәйкес құжаттарды қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелері стандартта белгіленген мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өткенге дейін бір тәуліктен кешіктірмей Мемлекеттік коорпорациясына жеткізуді қамтамасыз етілсін.

Орындау мерзімі: тұрақты

1.3 Мемлекеттік қызмет көрсетілетін мекемеде, қызмет алушыға жоғары сапалы жағдайлардың жасалуы қамтамасыз етілсін.

Орындау мерзімі: тұрақты

1.4. Мемлекеттік көрсетілетін есептік қызмет саны, нақты деректерге сәйкес ұсынылсын.

Орындау мерзімі: тұрақты

1.5. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы және мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты және регламентіне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет сапасы арттырылсын.

Орындау мерзімі: тұрақты

2. Бөлінген қаражатты тиімді және мақсатты пайдалану жөнінде қабылданған шаралар туралы

2.1 «Текелі қаласының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы **Ғ.Т. Қызылбаевтың**, «Текелі қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесінің басшысы **М.М. Ботантаевтың** Бөлінген қаражатты тиімді және мақсатты пайдалану жөнінде қабылданған шаралар туралы ақпараты назарға алынсын.

2.2 Конкурстық рәсімдірдің уақыты өткізілуі қатаң бақылауға алынсын.

Орындау мерзімі: тұрақты

2.3 Конкурс өткізу кезінде, көрсетілетін қызметтерді, жұмыстардың техникалық ерекшелікті дұрыс көрсетілсін.

Орындау мерзімі: тұрақты

3. Хаттаманың орындау барысы туралы ақпараты а.ж. 20 сәуіріне дейін Текелі қаласының әкімінің аппараты Заң, мемлекеттік құқықтық жұмысы бөліміне мерзімге сәйкес тапсырылсын.

Төраға:

Хатшы:



Б. Өнербаев

А. Ащанов